

"Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" 1991 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 Бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 903 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 7 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2110. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 635 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 N 635 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 651-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 30 желтоқсандағы
N 635 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

.

4. "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарының Мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" 1991 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 Бұйрығына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2002 ж. 28 желтоқсандағы N 903 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2110 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық орындаушы және басқа мемлекеттік органдарының Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде 2003 жылы N 11, 812 б. жарияланған) .

25. ...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 727 "Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналарының мемлекеттік тізілімін бекіту туралы" (2002 жылдың 2 қазанында 1991 нөмірмен тіркелген, "Официальная газета" 19.10.02 жылы N 42, "Ресми газетте" 19.10.02 жылы N 95 жарияланған) Бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін :

Көрсетілген Бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізілімі мынадай мазмұндағы 57-тармақпен толықтырылсын :

"57. "Банк операциялық күні" БКЖ-нен тұратын кешен, "Кредиттер", "Депозиттер" модулдері және "Жылдам аударымдар/жылдам ақшалай түсім" жүйелері (1 . 6 н ұ с қ а) " .

2. Салықтық бақылау басқармасы (А.Борамбаева) осы Бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Салық комитеті Төрағасының орынбасары Ә.Базарбаеваға жүктелсін.

4. Осы Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Төраға